

ӘОЖ 811:81`271.2

Тіл экологиясы- мәдениет экологиясы

Өкенова Гүлсана Маратқызы

okenova0310@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М017 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау»
білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- М.Баймуханбетова

Лингвоэкология - XX ғасырдың екінші жартысында пайда болып, соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан жаңа ғылыми бағыттың бірі. Кез келген ғылым саласындағы әрбір жаңа бағыт өзінің терминологиялық атауынан бөлек нақты дефинициясын алуы қажет. Ал қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде лингвоэкологиямен қатар тіл экологиясы, сөз экологиясы, эколлингвистика терминдерінің жарыса қолданылып жүргенін аңғарамыз. Тіл экологиясы (лингвоэкология, эколлингвистика) –тілдің қызметі мен дамуына кері әсер еуші факторларды, сондай-ақ тілді байыту мен жетілдіру жолдары мен тәсілдерін зерттейтін лингвистикалық теория мен практиканың бағыты [1].

Қазіргі таңда қазақ қоғамында тіл экологиясы, оның табиғаты, ондағы мәселелер басты рөлдегі тақырыптардың бірі. Қоғамда тіл экологиясы термині сөз болып жүр. Экология-биология ғылымындағы тірі организмдердің тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін бір саласы. М.Серғалиев «Осы ұғымды адамдардың тіршілік ортасына байланысты ауыс мағынада кейбір ғалымдардың «тіл экологиясы» деп атаулары да көңілге қонады. Сонда тіл экологиясы дегеніміз – тілдің қоршаған ортамен байланысы, тілдің әр түрлі бірліктерінің қолданылуы, тілдік норманың сақталуы деген түсінік туады» [2,16]. Әрине, тілдің тазалығы, сөздің нормадан ауытқымай қолданылуы, оның дәлдігі тіл экологиясына алып келеді. Тіл экологиясының

нормадан ауытқуы тіл мәдениетінің бұзылуына әкеледі. «Экологияға байланысты топтастырылған тілдік тармақтардың барлық материалдарын академик М.Серғалиев стилистиканың зерттеу нысанына жатқызады. Мұнда да стилистиканың басты нысанаға алатыны – сөздердің қолданысының заңдылықтарын дұрыс жұмсай білудің үлгісін көрсету» деп дәлелдейді сөзін ғалым [2,19].

Қазақ тілтанамында тіл экологиясының қарастыратын мәселелері негізінен тілдік орта, тілдік тұлға, тіл басқыншылығы, сөз манипуляциясы, сөздің девальвацияға, эрозияға ұшырауы т.б. ұғымдармен байланысты қолданылады. Тілде үздіксіз болып жататын құбылыстарды лингвоэкология саласы зерделеп, тілді бейпіл сөздерден, варваризмдерден, жаргон сөздерден, грамматикалық, фонетикалық қателерден таза ұстау мақсатын ұстанады.

Лингвоэкология тұрғысынан қарағанда, байырғы, қазіргі көркем әдебиеттің классикалық үлгілері - шығармашылықтың қайнар көзі, қоғамдағы реттеуші, бағыттаушы рухани күші, гуманитарлық білім, жеке тұлғаға тәрбие беретін мектеп. Сондай-ақ көркем әдебиеттен өркениеттің, мәдениеттің, сөз өнерінің ерекшеліктерін бойына жинақтаған ұлттық тілдің сипатын танытатын, даму тарихын көрсететін лингвистика ғылымы да-қоғамның тіл тіршілігінен шығармашылық нәр алатын қайнар көзі. Қоғамның тіл тіршілігін реттеп, жөнге салушы ретінде қызмет атқаруға тиіс [3].

Тіл экологиясының, оның ішінде тіл мәдениетінің мынадай көрсеткіштерін топтастырдық: тілдің тазалығы, мәнерлілігі, дәлдігі, анықтылығы, нақтылығы, орындылығы, байлығы, ойлылығы, дұрыстығы, әсерлілігі, жүйелілігі, мағыналылығы, түсініктілігі, мазмұндылығы, тілдік нормаға сай болуы, әдебі.

Егер осы топтастырылған көрсеткіштер адам бойында қалыптасып, жетілсе, онда сол адамның тіл мәдениеті жоғары деп санауға болады. Сол себепті ұстаздар оқушыларға тілдік тәрбие бергенде тіл мәдениетінің талаптары мен көрсеткіштерін үнемі негізге ала отырып, басшылықта ұстау керек.

Көптеген зерттеушілердің, ғалымдардың, педагогтардың пікірлері мен ой-тұжырымдарын саралай келе сөз экологиясына, оның ішінде, тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей қарастырамыз:

- сөйлеген кездегі тілдегі дыбыстардың дұрыс, анық әрі дәл айтылуы;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
- үндестік заңы мен екпіннің түсуін сақтау;
- қатесіз, сауатты жазу;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;
- жазу кезінде тыныс белгілерін сақтау;
- сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді нормаға сай өз орнында қолдану;
- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын ажырата білу;
- сөйлемдерді, күрделі ойды білдіретін құрамалас сөйлемдерді, дұрыс құрастыра білу;
- сөздердің әдеби вариантын қолдану, керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп алу;
- баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді былапыт қолданудан қашық болу, сөз саптауыңызды реттеп отыру;
- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздар стилін, ғылыми, публицистикалық, көркем-әдеби стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктері мен болмысын сақтау;
- жалпы сөйлеу әдебінің сақталуы;
- тіл байлығын, оның мүмкіндіктері- тілдегі көркемдік құралдарды пайдалану;

сөйлеген кезде ойдың мазмұндық құрылымына, оның көлеміне, хабардың жеткізу жүйесіне ерекше мән беру;

Педагогтар мен ата-аналар арасындағы өзара тығыз байланыстың болуы-жалпы тәрбие үрдісінің оң, дұрыс бағытта жүруінің кепілі. Сол себепті тәрбие үрдісінің біршама бөлігін ата-аналармен, балалармен бірге ұйымдастыру керек. Бұл тіл мәдениетімен де байланысты. Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы оңай емес, әрі ұзақ. Ол балалар бақшасынан, отбасынан басталады, ал мектеп қабырғасында ана тілі жүйелі түрде оқытылып, тіл дамыту, сауатты жазу үйретіледі. Студенттің жоғары оқу орнынан алатын тіл сабақтары отбасы мен орта, қоғамдағы «тіл сабақтарымен» ұштасып жатуы керек.

Нүргелді Уәлиұлы: «Тіл-адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Қай-қайсымыз болсақ та белгілі бір тілдік ортада өмір сүреміз. Сол ортаны жұтатпай, аздырып-тоздырмай көркейту, көріктендіру, мәденилендіру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізеді» [4], – дей келе, тілдік ортаны сақтап қалу баршамыздың міндетіміз екенін айта отырып, бүгінгі күні лингвоэкологияның қаншалықты өзекті екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін көтерудің қажетті құрамдас бөлігі сөйлеу мәдениетін дамыту болуға тиіс делінген [5]. Тіл тазалығынсыз, сөз мәдениетінсіз, тілдік нормаларсыз әдеби тілдің ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген асыл мұраларын тұшыну, оларды ғасырлар көшінде сақтап қалу мүмкін емес.

Қазіргі таңда тіл экологиясы қандай деңгейде? Тіл экологиясы қаншалықты таза күйінде қолданылуда? Бұл сұрақтардың жауабы іштей бәріңізге мәлім. Мектеп қабырғасында, балабақшада, жоғары оқу орнында, аулада, қоғамдық көлікте қай ортаны алып қарасақ та, шұбарланған, басқа тілмен бір қазанда бірдей қайнап жатқан шала қазақ тілінің үстінен түсесіз. Бұрыннан еніп, сіңісті болып кеткен «сәпсем», «дәже» дегендер түгілі қазір қазақтың «етіп» деген етістігін қосып алып, орыс сөздерін «қазақыландыру» деген үрдіс бой

алдырып жүр. Осы айтылғандарға «сен звонить еткенде, подругаммен болтаты етіп жатқам», «переживать етіп», «готовить етіп», *қызым демей, доча, дочка, доченка* тәрізді қолдануларды көп кездестіреміз. Одан қала берді, орыс тілін былай қойғанда, ағылшын сөздерін қосып сөйлеу де сәнге айналғандай. «хай, хаюшки», «ок, окей», «йес», «супер», «ноу», «гуд бай» , «леди», « миледи», «джентелмен», «уау», т.б.

Басқаларға еліктеу мәнінен туған елікпелі тіл шұбарлығы-қоғам дерті, тілдің айықпас дерті. Тілді шұбарлау – ұлттың түпкі тамырын бұтарлау.

Бұл мәселеден кейін сөз тазалығы термині ескерілуі тиіс. Н. Уәлиев «сөз тазалығы дегенде алдымен ойымызға оралатыны тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы» [3, 63] десе, М. Балақаев: «Таза сөйлеу дегеніміз-сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде сөздерді араластырмай сөйлеу»-деп анықтама береді» [6]. Өзге тілден енген сөздердің заңды түрде орныққан және орнықпаған түрлері де бар. Мәселен, стилистика тәрізді сөздің қазіргі мән-мағынасы көпшілікке түсінікті. Француз тілінен тараған бұл атау ертедегі гректің «*stylos*» сөзімен тәркіндес. Ол «ұштанған таяқша» деген мағынаны береді. Таяқшаны пайдалана білу өнері кейіннен сөз шеберлігін, тіл мәдениет арттыра түсу деген мағынада ұғыныла келіп пән атауы ретінде қалыптасқан. Сондықтан осындай жұртшылық қабылдаған, тілде орныққан, дағдыға енген шет тілдік сөздердің орны бөлек. Ал орнықпаған сөздерді оңды-солды жұмсау сөйлеушінің сөзге ұқыпсыздығын көрсетеді. Сөздің тазалығымен қатар, сөздің дәлдік, сөз әдебі деген қасиеттері де бар. Яғни сөз дәлдігі сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөз дәлдігі болмаса сөйлеуші өз ойын дәл жеткізе алмайды.

Ал Қазіргі оқушы жастардың тіл мәдениеті деңгейінің төмен болу себебі неде? Жазушы Ә. Әбішев бұл туралы былай дейді: «Жастар ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетін оқымайды... Жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады, олар ерекшеліктің белгісі түсініксіз жазу деп ойлайды... Тіл мәдениетінің төмен болуына ғылыми-техникалық прогрестің де әсері бар» [7], — десе, И. Нұғыманов: «Оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің себептері:

1. Ортаның әсері; а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді, ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл),
2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (тіл дамытуға немқұрайлы қарауы);
3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңғылдық, т.б.)» — деп көрсетеді [7].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» деп қадап айтқан болатын. «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге белгісі» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, мемлекеттік тілді қадірлеу, тіл мәдениет, экологиясын таза ұстау – әр қазақтың міндеті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лингвоэкологияның мақсат - міндеттері мен мәселелері / А.А. Жұмағұлова // Инновационные и цифровые технологии в инофилологическом образовании: сборник материалов международной научно-практической конференции. - 2018. - Б. 231- 23 б.
2. М. Серғалиев және тіл экологиясы мәселелері / Ж.Қ. Өмірбекова// Тіл білімі: ҚР ҰҒА академигі М.С. Серғалиевтің 70 жасқа толуына орай өкізілген "Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті": республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2008. - Б. 44-48 б.
3. Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. дисс. автореф. – А., 2007. – 24 б.
4. Уәлиұлы Н. Тіл экологиясы//Ана тілі, 2009. – №8(949).
5. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
6. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 1995.-70 б.
7. Шамбетов, Б. Тіл мәдениеті және оның проблемалары, <https://oqu-zaman.kz/?p=20493>